

15. ТАҚЫРЫП. Мемлекеттің ақша айналымын ретке келтіру тәсілдері және мемлекетте жүргізілген ақша реформалары

Қазақстан Республикасында 1993 жылғы ақша реформасының жүргізудің негізгі себебі ақша белгісін тұрақтандыру. Себебі КСРО ыдырағаннан кейінгі екі жыл аралығында Кеңестік рубль бұрынғы одақтас республикалардың орнына құрылған тәуелсіз елдерде біртектес ақша ретінде қолданылды.

1993 жылы 23 шілдеде Ресей Орталық банкі 1961 – 1991 жылдардағы Кеңес ақшаларының белгілерін, сондай – ақ 1992 жылғы 5000 және 10 000 рубльдерді айналыстан алу туралы хабарланды. Бастапқыда оладың айырбасына бір апта берілді.

Қазақстан республикасының Президентінің Жарлығымен екі күн өткенсоң айырбас мерзімі 1993 жылдың 1 қыркүйек айына дейін ұзартылып, айырбас бір адамға 100 мыңға дейін ұлғайтылды.

Ресейдегі ақша реформасы ескі үлгідегі ақшаларды ТМД елдеріне оның ішінде Қазақстанға қарай жаппай ығысуына жол берілді.

1992 жылы бірінші жартысында – ақ Қазақстан Республикасының жетекшілері ендігі жерде рубльден күдер үзіп, өз валютасын шығаруға бет – бұрыс жасаған болатын. Жаңа ақшаларды шығаруға ағылшынның “Хариссон”

фирмасымен шарт жасалды. Сөйтіп, 1993 жылы 1, 2, 5, 10, 20, 50 және 100 теңгелік ақшалар Қазақстанға жеткізілді. Оларды қолдан жасаудан қорғанатын 18 дәрежесі бар.

1993 жылы 12 қарашада Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев “Қазақстан Республикасына Ұлттық валютаны енгізу туралы “Жарғыға қол қойды”. Осы жарғымен 1993 жылы 15 қарашада сағат 8 – ден бастап ұлттық валюта — **теңге** енгізілді. Ақша реформасын жүргізуге Қазақстан басшылары бір жарым жыл уақыт өте құпия жағдайда дайындалып, нәтижесінде 700 миллион доллар сома шамасында алтын құймалары мен шетел валютасы қоры болды. Тәуелсіздік жарияланған күннен бастап Қазақстанда өндірілген алтын мен күміс енді Мескеуге жіберілмей, оны Ұлттық банк сатып алып, резерф қорына айналдырды. Сондай – ақ резерф қорына экспорттық валюталық түсім мен үкіметтің сыртқы заемдарында Ұлттық банк сатып алып, қорға түсіріп отырды. Халықаралық валюта қоры Қазақстанда Ұлттық валюта енгізу акциясын қолдап, Ұлттық банкке 90 миллион доллар стэндбай несиесін және Жапония біздің елдің төлем балансын қолдау мақсатында Қаржы министрлігіне 180 миллион доллар берді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі теңгенің валюталық бағамын: 1 доллар = 4 теңге 70 тиын шамасында белгіленді. Келесі жылдары ол бірден өсіп кетті. Соған сәйкес баға мен жалақы да өсті.

Инфляцияның өсуі біршама ірі ақша купюларын қажет етті. 1994 жылдан бастап 200, 500, 1000, 2000 купюрдағы ақшалар айналысқа шығарылды. 1995 жылы ұсақ тиындар біріндеп айналыстан шығып қалды, олардың орнына мыс – никельден жасалған 1, 3, 5, 10, 20 теңгедегі монеталар шыға бастады. Сонымен қатар Абай Құнанбай ұлының 100 жылдық мерейтойының құрметіне 100 теңгелік күміс монеталар шығарылды. 1995 жылдың аяғында Жібек жолы жиынтығын құрайтын жоғары сыныпты төрт алтын монеталар шығарылды. Жалпы салмағы 57,54 грамм құрайтын жиынтығынан 1, 2, 5 және 10 мың теңгелік алтын монеталар кірді. Жиынтығы 816 доллар тұрды.

Қазақстан теңгесі тұрақты төлем құралы болып қана қоймай, еркін алмастырылатын валюталарға шексіз айырбасталды және тұрақты валюталар қатарына кірді.

Қазақстанға Ұлттық валютаны сәтті енгізілуі, әрі қарай оның сыртқы және ішкі тұрақтылықтылығын қамтамасыз етуді талап етті.

Қазіргі кезде теңге тұрақталып келеді ал, оның тұрлаулы валюта болуы үшін біраз істерді жүзеге асыруымыз керек. Атап айтқанда: өз өндірісімізді нығайтуымыз қажет, шикізаттық экспорттық жүйеден біртіндеп жаңа иновациялық өнеркәсіптік салаға көшуіміз керек. Біздің тауарларымыз әлемдік сұранысқа ие болса, әлемдік сауда ұйымына мүше болуымызға джа болады. Дүние жүзілік нарықта валюта теңге десек, біздің теңгеміз бағыт – бағдарын нық ұстап, еркін жүзетіне сеніміміз мол болуы керек.